

ҰСТАЗДАРҒА АЛҒЫС ЖАУҒАН КҮН



ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН БОЛЫП ӨТТІ. МЕРЕКЕЛІК ШАРАҒА ҚАТЫСҚАН АУДАН БАСШЫСЫ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ БАРША ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАП, МАРАПАТТАДЫ.

«Шәкірттерге білім беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын және тәлім мен тәрбие беретін ол ең алдымен - мұғалім. Ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет етіп келе жатқан ұстаздардың ата-анадан кейінгі атқарар рөлі де ерекше. Сондықтан, ұстаздар күні - орны бөлек, дәрежесі биік, ең ұлық та ұлағатты мереке. Ұлт болашағын қалыптастыруда уақытпен санаспай атқарған қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге, Ұстаздар, алғыс білдіремін», - деді өз құттықтауында аудан әкімі.

Салтанатты шарада Асқар

Қайырғалиұлы ауданның ұзақ жылдар бойы білім саласында абыройлы еңбек етіп, шәкірттерін білім нәрімен сусындатқан ардагер ұстаздардың омырауларына «Ойыл ауданына 100 жыл» төсбелгісін тағып, өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ісіндегі шығармашылық еңбегі үшін 6 мұғалімге Алғыс хаты мен 30 000 теңгенің сертификатын ұсынды. Одан кейін аудандық білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов аудан мектептерінде абыройлы еңбек етіп жүрген бір топ мұғалімге Ақтөбе облыстық білім басқармасының



«Құрмет грамотасы» мен Алғыс хатын табыстады. Және өз атынан да бірнеше мұғалімге Алғыс хат ұсынды.

Педагогтарды қолдау, көтермелеу, сауықтыру шараларына соңғы жылдары ерекше мән беріліп келеді. Осы жолда барша білім беру ұйымдарының жанашыры кәсіподақтың үлесі ерекше. Бүгінгі мерекелік салтанатта да Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы біздің ауданның ұстаздарын ұмыт қалдырған жоқ. Жоғары тұрған ұстаздардың жанашыр ұйымының бірнеше мұғалімге жолдаған құттықтауы мен Құрмет грамотасын аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избағамбетова табыстады.

Өн мен жырмен өріліп, бимен көмкерілген салтанаттың жиынның соңында ардагер ұстаз Мұхит Керей ақсақал ағалық алғысын жаудырды.

С.ХАМЗИН.

КӘДЕСЫЙЛЫ «ТӨРКІНДЕУ» КЕШІ

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУ ЖӘНЕ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА, АУДАНЫМЫЗДЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ЖАНЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ БАҚАЙТЫ» ЖАС КЕЛІНДЕР КЛУБЫНЫҢ ОНЛАЙН ЖОБАСЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАҚТЫҢ САЛТЫ БОЙЫНША 28 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ БҮКІЛОДАҚТЫҚ КӨРКӨМӨНЕРПАЗДАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҚР «МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ» ОБЛЫСҚА БЕЛГІЛІ БИШ, ЖЕРЛЕСІМІЗ САҒЫНОВА ГҮЛЖАН АҒЫМБЕТҚЫЗЫНЫҢ «ТӨРКІНДЕУ» КЕШІ ӨТТІ.



Қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені Ойылда туып-өскен, асыл қазынамыз қазақтың би өнерімен талайды тамсандырған, мәнерлі де өсем дене қимылын музыка сазына сәйкестендіріп, ұлы жүректің жан әлемін толқытып, жеткізе білген өнер иесі Гүлжан Ағымбетқызы қоржынын артып, атқа мінген қалпы аудандық мәдениет үйіне жерлестеріне арналған көделі сыйымен сусындаған кешіне келді. Құтты қонағын аналар шашумен қарсы алып, жас келіндер сөлемін салды. Биші қыздар ардагер ұстазды ықыласпен төрге шақырды. Аудандық музыка мектебінің «Маржан» би ансамблінің орындауындағы қазақ биімен ашылған кеш қазақ халқының ұмыт қалған салтының бірі «Төркіндеу» дәстүрі туралы бейнебаянмен басталып, кеш қонағының үзеңгілес өріпестері А.Жұманов, Б.Шитанов мен шәкірті Б.Қашқынұва аналар төріне шақырылды. Г.Ағымбетқызы өңгіме барысында өзінің өмір жолы, еңбек жолы, жеткен жетістіктері мен шәкірттері, ұстаздары туралы сөз қозғап, өріпестері мен шәкірті өткен күндердің естеліктерімен бөлісіп, жылы лебіздерін жеткізді. Төркіндеп келген өнер иесі өз бойындағы тума талантын жасы 70-тен асса да, өңі мен келбетін жоймаған күйі сағынып, сусап келген жерлестеріне қонақкөдесін «Ойыл баласы», «Айжан қыз» билерін ұсынды. Елге келген Г.Ағымбетқызы ата-баба салты бойынша төркіндеудің көдесін орындап, ел ағаларына, шәкірттері мен өріпестеріне сыйсияпатын табыстады. Өнерпаздардың өнерінен шашу шашылып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген Г.Ағымбетқызына да зор құрмет көрсетілді. Аудан әкімі А.Қазыбаев құттықтап, жерлесімізге «Ойыл ауданының 100 жылдығы» медалін кеудесіне тағып, аудан әкімшілігі атынан 100 мың теңгелік сертификатын табыстады.

Білім саласы бойынша аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі 3.Молдашева өнердегі өріптесін мерекемен құттықтап, аудандық білім бөлімі құттықтау хаты мен иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Мәдениет саласындағы өріпестері мен шәкірттері де елге төркіндеп келген ұстаздарына құрметпен құттықтау хатын жолдап, ақ жаулық пен шапан жауып, сый-сияпаттарын табыс етті. Құшағы гүл мен ыстық ықыласқа, жерлестерінің құрметі мен қошеметіне бөленген Гүлжан Ағымбетқызы халқына қуанышы мен ризашылығын білдірді.

САҒИДОЛЛА ЖАҚИЯҰЛЫНА АРНАЛҒАН МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

ӨТКЕН СЕНБІДЕ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ АҚКЕМЕР ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ «ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ОЗЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ», «СССР ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ОЗЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ» САҒИДОЛЛА ЖАҚИЯҰЛЫНА АРНАЛҒАН МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ.

ащы-тұщысын көп тартқан адам. 1946 жылы Ақтөбе педуниверситетіне оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін 1953-1955 жылдар аралығында Тайсойған жеті



Сағидолла Жақияұлына арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанатына марқұмның шәкірттері мен көзкерген таныстары, ағайын-туыстары жан-жақтан ағыла келді. Оның өмір жолы мен еңбек жолына естеліктер айтып, алдағы уақытта ісі өнеге ұстаздың аты өшпес үшін өлі де осындай игі шаралар жалғасын таба беруі керек деген ұсыныс-тілектерін жеткізді. Айтулы шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Сағидолла Жақияұлы жайында өңгіме өрбітіп, ауданның, оның ішінде Ақкемер елді мекенінің өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып өтті. Келесі ретте артына өшпес із қалдырған ұстаздың ұрпақтарына ақжарма тілектерін атқарған жандардың біріне тоқталсақ, марқұм Сағидолла ағамыздың өріптесі, ардагер ұстаз Мұхит Кереев оның еңбек жолынан ақтарыла сыр шерте,

Сағидолла Жақияұлының шәкірті, ақын-драматург, журналист, өнер зерттеушісі, ардагер ұстаз Нұрлыбек Қалауов ұстазы жайында біз естімеген естеліктермен бөлісіп, ұстаз атын ұлықтау алдағы уақытта жалғаса беретінін айрықша атап өтті. Сағидолла Жақияұлының баласы, медицина ғылымының докторы, профессор орта мектебінің ұжымына арнайы естелік сыйлығын табыстады.

Сағидолла Жақиев 1929 жылы 7 желтоқсанда Ойыл ауданының Саралжын елді мекенінде дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының қиын кыстау кезіне тап болып қиыншылықпен өткен. Жастайынан еңбекке араласып, өмірдің

жылдық мектебінде, кейін Теректі, Екпінді бастауыш мектептерінде меңгеруші болып жұмыс жасаған. 1959 жылы Орал педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1964 жылы жоғары дәрежелі білім алған. 1964-1966 жылдары Саралжын орта мектебі директорының орынбасары, Жамбыл сегіз жылдық мектебінің, Құрманов, Абай, Жамбыл орта мектептерінің директоры қызметін абыроймен атқарып, 1996 жылы зейнеткерлікке шыққан. Жамбыл орта мектебінің оқу-тәжірибе жұмыстары төжірібе ретінде аудан, облыс көлемінде таратылып, аудандық, облыстық, республикалық «Құрмет» грамоталарымен марапатталды. Жұбайы Жаняна екеуі 11 бала өсіріп, 25 немере, 16 шөбере сүйді. Сағидолла Жақиев 2019 жылы дүниеден өтті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Ақкемер-Ойыл.

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ — КІШІГЕ МІНДЕТ!



ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТТЫ ӨСІМЕТІН АЙТЫП, ІЗІНЕН ЕРГЕН ЖАС БУЫНҒА ІЗЕТІН АЯМАЙТЫН ҚАРТТАР ҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ. ХАЛҚЫМЫЗДЫ ӨЗГЕЛЕРДЕН ДАРА ЕТЕТІН БІР ЕРЕКШЕЛІК ТЕ ОСЫ. ҚАРИЯЛАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ, ОЛАРДЫҢ СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ АСУ – БАБАДАН БАЛАҒА СІҢГЕН ҚАСИЕТ. ОСЫ ОРАЙДА ЖЫЛЫНА БІР РЕТ КЕЛЕТІН ҚАРТТАР КҮНІН ҚАЗАҚСТАНДА КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП ӨТЕДІ.

Қазанның 1-і күні бүкіләлемдік қауымдастықта «Қарттар күні» болып белгіленген. Атаулы күн аясында ауданда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылатын. Соңғы жылдары санитарлық талапқа сәйкес, ауқымды шаралар өтпесе де, ардагерлер назардан тыс қалған емес. Соның бірі ардагерлерге құрмет, қайырымдылық шарасы. Бұл шара өр мекеме, кәсіпорында дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның

өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлесін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы. Міне, енді айтулы күні саналы ғұмырын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

1 қазан күні аудан әкімі Асқар Қазыбаев бастаған топ Ойыл селосындағы үш еңбек ардагерін үйлерін барып құттықтап, мерекелік сыйсияпатын ұсынды. Алдымен энергетика саласының ардагері Биғали Ахметов ақсақалдың үйіне ат басын тіреді. Аудандағы «Халықтар достығы» медалының жалғыз иегері

Биғали ақсақал бүгінгі буынға өзінің еңбегімен үлгі болып отыр. Жоқ деп жасаймайтын, бар деп тасымалытын, сөзге жоқ, іске мығым ақсақал аудан басшыларына алғысын жаудырды.

Одан кейін аудан басшысы ұзақ жыл мәдениет саласында еңбек еткен Минамен Нұғмановтың үйіне барды. Шаруа баққан ақсақалдың да шағымы жоқ. Аудандағы атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдірді. Ал, денсаулық сақтау саласының ардагері Аманқос Қысықов аудан басшылығына алғысын айтып, ақ батасын берді.

Қарт кісіні – құт-берекке деп таныса, ол ұрпақ көрегендігі. Осы орайда, біздің асыл қазынамыз – қариялар, еңбектің зейнетін көріп отырған шақта өр ұрпаққа игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытқаны үшін алғыстарын білдірді. Қарттар аудан басшыларымен емен-жарқын өңгіме құрып, көңілдері бір марқайып қалды.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ

01.10.2021 жыл

ПГТСВ №38

«Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шаралары туралы»

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекция- ның (будан өрі - COVID-19) таралуы- ның алдын алу мақсатында, сондай- ақ Ақтөбе облысының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағ- дайды ескере отырып (*Қазақстан аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдай турғысынан 2021 жылдың 25 қыркүйегіндегі басаула матрицасына сәйкес Ақтөбе облысы сары аймақ- та*), «Халық денсаулығы және ден- саулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Респу- бликасы Кодексінің 38-бабы 1-тарма- ғының 4) тармақшасын, 2-тармағының 3) тармақшасын, 104-бабының 2, 3, 4, 7- тармақтарын және Қазақстан Рес- публикасы Бас Мемлекеттік санита- риялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыр- күйегіндегі №38, 2021 жылғы 10 қыр- күйегіндегі №42, 2021 жылғы 24 қыр- күйегіндегі №44 қаулыларын басшы- лыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе об- лысының аудан өкімдеріне, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы «МК Ақтөбе бөлімшесі» филиалының директорына, құқық қорғау және арнайы органдарға, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпкерлік субъектіле- ріне, Ақтөбе облысының тұрғындары- на қамтамасыз ету:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатыспай- тын Ақтөбе облысының әлеуметтік-эко- номикалық объектілерінің жұмы- сына шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруға;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын Ақтөбе облысының әлеуметтік-эко- микалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруға;

3) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес «жасыл мәртебесі» бар болған кезде «Ashyq» жобасына қатысатын, Ақтөбе облысының әлеуметтік-эко- микалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруға;

4) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес Ashyq» жобасына қатысатын Ақтөбе облысының әлеуметтік-эко- микалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттарға сәйкес барлық объектілерінің жұмысына:

- жұмыс күндері – «Ashyq» жоба- сына қатысушы барлық объектілер үшін сағат 00.00-ге дейін, «Ashyq» жобасының көшбасшылары үшін – сағат 02.00-ге дейін;

- сенбі және жексенбі күндері – сағат 00.00-ге дейін, «Ashyq» жобасы- ның көшбасшылары үшін – сағат 02.00-ге дейін қызметкерлер мен келу- шілерде «жасыл мәртебе» болған жағ- дайда (вакцинация, сынама алған кез- ден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тест, тұрақты меди- циналық қарсы көрсетілмдері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде) рұқсат ету;

5) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес «жасыл мәртебесі» бар болған кезде «Ashyq» жобасына қатысатын, Ақтөбе облысының әлеуметтік-эко- микалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттарға сәйкес қызметкерлер мен келушілерде «жасыл мәртебе» болған жағдайда (вакцинация, сынама алған кезден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тест, тұрақты меди- циналық қарсы көрсетілмдері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде) жұмыс режимі бойынша шек- теусіз қызметіне рұқсат ету;

6) Ұлттық құрамалар, клубтық ко- мандалар үшін спорттық жаттығулар-

ға (30 адамнан артық емес, денемен жанаспайтын әдіспен дене қызуын өл- шеу, спорт базаларында тұру) рұқсат беруді;

7) спортшылар мен жаттықтыру- шылар құрамы COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын ал- ғаны туралы құжаттамалық растау ұсынған жағдайда облыстық команда- ларды дайындау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге рұқсат беруді;

8) күшейтілген санитариялық-эпи- демияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шараларды сақтай отырып көшедегі азық-түлік саудасы- ның рұқсат етілген түрлерінің жұмы- сына (оның ішінде тез дайындалатын тамақ өнімдерін, пончиктерді, балмұ- дақтарды, алып шығуға арналған кофені, көкөніс шатырларын және т.б. сататын объектілердің) рұқсат беруді;

9) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйегіндегі №42 қаулысының 3 қосымшасына сәйкес Алгоритмді сақтауды;

10) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қау- лысының қаулысының 23 қосымша- сына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлі- гінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚК Шекара қызметінің) және Қазақстан Республикасы Мем- лекеттік күзет қызметінің жеке құрамы арасында COVID-19 таралу қаупін азайту жөніндегі алгоритмді сақтауды;

11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының қаулысының 12 қосым- шасына сәйкес, әуежай, теміржол және автомобиль вокзалдарының жұмыс істеу алгоритмін сақтауды;

12) мынадай ұйымдардың/объекті- лердің:

- қызмет көрсету жөніндегі объекті- лердің (халыққа қызмет көрсету орта- лықтары (ЖҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі банк- тер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжы- майтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сүлулық салондары, шаштараздар, маникюр және педикюр, косметологиялық қыз- меттерді көрсету, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызмет- тері, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешен- дері, спорттық-сауықтыру орталық- тары, СПА және массаж салондары/ орталықтары/кабинеттері, моншалар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызмет- тер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендері, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, өзге де объектілер);

- халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сақтау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

- мәдениет және демалыс объекті- лерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кино- театрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер және басқа да мәдени-демалыс ұйым- дары);

- халықтың тұруы бойынша қызмет-

тер көрсету саласындағы объектілер- дің (қонақ үйлер, отельдер, хостел- дер, мотельдер, жатақханалар, кем- пингтер және тағы басқалар);

- жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлар- дың, теміржол, автомобиль, автостан- циялар, жолаушыларға қызмет көр- сету пункттерінің;

- білім беру және тәрбиелеу ұйымда- рының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересек- тер мен балаларға арналған), оқу- өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

- санаторий-курорттық және сауық- тыру мақсатындағы объектілердің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалар/аймақтары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртын- дағы), туристік базалар және басқа- лар);

- қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдасқан ұжымдарда орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткі- зуді жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

- барлық үлгідегі медициналық-әлеу- меттік объектілердің (қарттар, мүге- дектер үйлері, сөбилер үйлері және басқалары);

- денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың; дерихана ұйымдарының;
- тіршілікті қамтамасыз ету және коммунальдық шаруашылық объек- тілерінің (сүмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, үй-жайлар мен аумақтарды дезинфекциялық өңдеу бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару қызмет- тері, кондоминиум объектілерінің басшылары (пәтер иелерінің коопера- тивтері, мүлік иелерінің бірлестіктері және басқалар);

- экскурсиялық қызмет көрсететін ұйымдардың;

- демалыс объектілерінің, ойын- сауық ойын объектілерінің (компью- терлік клубтар, бильярд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталық- тары/саябақтары, аттракциондар, аквапарктер, караоке, лотерея клуб- тары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нүктелер және басқалар);

- байланыс және телекоммуникация объектілерінің;
- өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ұйымдасқан ұжымдардың;

- қылмыстық атқару жүйесі мекеме- лерінің, күштік құрлымдардың, мемле- кеттік органдардың COVID-19-ға қар- сы вакцинациялауды алмаған (тұрақ- ты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) жұмыскерлерді күндізгі режимде жұмысқа жіберуді шектеуді;
- 13) осы қаулының 1 тармағының 12 тармақшасында көрсетілген ұйымдар- дың вакцинацияланбаған жұмыскер- лері (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазыл- ған адамдарды қоспағанда) үшін міндетті түрде ПТР-тестілеуді (7 күнде 1 рет) қамтамасыз етсін.

2. Ақтөбе облысының тұрғында- рына:

- 1) респираторлық инфекцияның алғашқы симптомдары (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгіту және т. б.) пайда болған кезде 103 нөмірі бойынша же- дел жәрдем шақыру жолымен меди- циналық ұйымдарға бармай-ақ, үйде медициналық көмекке дереу жүгіну;
- 2) қоғамдық тамақтану орындарын- да әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып тамақ ішкен жағдайда және

бес жасқа дейінгі балаларды қоспа- ғанда, қоғамдық орындарда, халық- тың келуіне, қызмет көрсетуіне және демалуына арналған үй-жайларда, қоғамдық көлікте (оның ішінде такси- де), қоғамдық орындарындағы ашық ауада болған кезде бар.

3. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысының аудан өкімдеріне, Ақтөбе облысының полиция департаментіне, Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департа- ментінің аумақтық басқармаларының, Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санита- риялық- эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшыларына:

- мониторингтік топтарымен объек- тілер мен қоғамдық көліктерде күндізгі және түнгі уақытта шектеу карантиндік шараларының орындалуына бақылау күшейтілсін.

- Бузушылықтар анықталған жағдай- да 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданыл- сын.

- 4. Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысына және меншік нысанына қарамастан денсау- лық сақтау ұйымдарының басшы- ларына:

- 1) COVID-19 күдігі бар адамдарды уақытылы анықтау және оқшаулау үшін барлық денсаулық сақтау объек- тілерінде сүзгілердің, пациенттердің бүкіл ағынының дене температурасын өлшеуге арналған тепловизорлары бар шлюздердің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуді;

- 2) бейінді мамандардың науқас- тарды қабылдау кезінде кезектердің туындауына жол бермеу, екпе алу, клиникалық-диагностикалық зерттеу- лерден өту үшін (шұғыл жағдайлардан басқа пациенттерді алдын ала жазылу бойынша қабылдау), медициналық ұйым басшысының бұйрығымен меди- циналық ұйымның өрбір қабатында профилактикалық іс - шараларды бақылау және қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерді айқындау, пер- сонал мен пациенттердің лас аймақтан таза аймаққа ауысуын болдыр- мау;

- 3) пациенттердің күнделікті ағынын хирургиялық және терапиялық бейіні бойынша бөлек бөлу, стационар- лардың аймақтарға бөлінуі мен жұмыс режимін қатаң сақтау, медицина қыз- меткерлерінің инфекциялық қауіпсіз- дігін сақтау;
- 4) меншік түріне қарамастан ста- ционарларда карантинді сақтауды жалғастыру.

- 5. Қазақстан Республикасы Денсау- лық сақтау министрлігі Санитария- лық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалына:

- 1) COVID-19 ошақтарында қоры- тынды дезинфекцияны мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, қарт- тар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, интернет үлгісін- дегі оқу орындарында жағдайлар тір- келген кезде ҰСО филиалдары жүр- гізу.

- 6. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы халықты БАҚ және әлеу- меттік желілер арқылы жапайы хабар- дар етуді жүргізісін.

- 7. Қаулы меншік нысанына қара- мастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

- 8. Осы қаулының 4 қосымшасына сәйкес тізім бойынша Ақтөбе облысы- ның Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

- 9. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіне қалдырарын.
- 10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. Г. ДАУЛЕТОВА

	орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	бетперде төртібін, әлеуметтік қашық- тықты сақтау және антисептиктерді пайдалану кезінде рұқсат етіледі
7.	Медициналық ұйымдар, дәрхана-лар	күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялықпрофилакти- калық іс-шараларды сақтай отырып рұқсат етіледі.
8.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, тіс емханасы	Алдын- ала жазылумен рұқсат етіледі.
9.	Мұражайлар, кітапханалар	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулы- сының 9 қосымшасының талаптарын сақтаған жағдайда рұқсат етіледі.
10.	Азық-түлік дүкендері, шағын мар- кеттер, супермаркеттер, гипер- маркеттер	Қазақстан Республикасының Бас мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 5 қосымшасының талаптарын сақтаған жағдайда рұқсат етіледі.
11.	Сұлулық салондары, шаштараз- дар және косметологиялық қыз- мет көрсететін объектілері	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 7 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып рұқсат етіледі.
12.	Халықтың тұруы бойынша қыз- меттер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, турист- тік базалар және т. б.)	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 11 және 17 қосымшаларының та- лаптарын сақтай отырып рұқсат еті- леді.
13.	Ашық базарлар (азық-түлік, мал, азық-түлік емес)	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 5 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып рұқсат етіледі.
14.	Жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулы- сының 5 қосымшасындағы талаптар- ды сақтай отырып рұқсат етіледі.
15.	Қоғамдық көлік	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 14 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, кептеліс уақытында қо- ғамдық көліктің желіге барышына көп шығуы, отыратын орындардың саны

		бойынша қоғамдық көліктің толтыры- луы, барлық есіктерді ашу рұқсат еті- леді.
16.	Облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымал- дар	толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес болғанда рұқсат етіледі.
17.	Қалааралық/облысаралық тұрақ- ты автобустардың (шағын авто- бустардың) қозғалысы	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 14 қосымшасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
18.	Банктер, ЖҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 1 қосымшасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
19.	Ұйымдар, офистер	50%- қашықтықтан, 50%- күндізгі ре- жим рұқсат етіледі. Ұйымдар, кеңселер қызметкерлерге COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда қызметін қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық арақаты- насы жөніндегі талаптарды ескермей жүзеге асырады. Бұл ретте COVID-19- ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған бар- лық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі.
20.	Діни объектілері	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 19 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, 30%-дан асырмай топ- тырылған, бір адамға кемінде 4 ш.м. алаң қамтамасыз етілген жағдайда рұқсат етіледі.
21.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 20 және 21 қосымшаларының та- лаптарын сақтай отырып, сағат 07.00- ден 00.00-ге дейін, толтырылуы 50%- ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Тамақты жеткізу мен шығару штаттық режимде. Ұжымдық, салтанатты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, садақа және т.б.) және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатаң тыйым салынады.
22.	Асханалар типі бойынша алког- ольдік ішімдіктерді сатпай қоғам- дық тамақтану объектілері, ұйым- дастырылған ұжымдардағы ас- ханаларды қоспағанда	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 20 және 21 қосымшаларының талаптарын сақтай отырып, рұқсат етіледі. Тамақты жеткізу мен шығару штаттық режимде. Ұжымдық, салта- натты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, садақа және т.б.) және басқа да бұқаралық іс- шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатаң тыйым салынады.
22.	Асханалар типі бойынша алког- ольдік ішімдіктерді сатпай қоғам- дық тамақтану объектілері, ұйым- дастырылған ұжымдардағы ас- ханаларды қоспағанда	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 20 және 21 қосымшаларының талаптарын сақтай отырып, рұқсат етіледі. Тамақты жеткізу мен шығару штаттық режимде. Ұжымдық, салта- натты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, садақа және т.б.) және басқа да бұқаралық іс- шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатаң тыйым салынады.
23.	Стрит-фуд (<i>жеке тұрған шатыр/ ларек/отыратын орны жоқ дүң- гіршек</i>)	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 20 және 21 қосымшаларының талаптарын сақтай отырып, рұқсат етіледі.
24.	Банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келу- шілерге қызмет көрсету және садақа өткізу)	тыйым салынады
25.	Азық-түлік емес тауарлардың барлық түрлерін сататын дүкен- дер	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 5 қосымшасының талаптарын сақ- тай отырып рұқсат етіледі.
26.	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	балалардың ойын-сауық орталық- та- рының қызметіне тыйым салумен (балалардың ойын-сауық орталықтары «Ashyq» жобасына қатысқан жағдайда жұмыс істей алады), Қазақстан Респу- бликасының Бас мемлекеттік санита- риялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыр- күйегіндегі №38 қаулысының 5 қосым- шасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
27.	Моншалар	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 16 қосымшасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
28.	Сауналар	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 16 қосымшасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
29.	СПА-орталықтар, бассейндер	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 16 қосымшасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
30.	Компьютерлік клубтар, оның ішін- де PlayStation клубтары (12 жасқа дейінгі адамдарды қоспағанда)	тыйым салынады
31.	Жолаушылар пойыздарының/ электр пойыздарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
32.	Жолаушылар поездарының қоз- ғалысы	жалпы вагондарсыз
33.	Спорт кешендері, спорттық- сауықтыру орталықтары және фитнес клубы, соның ішінде йога орталықтары	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 8 қосымшасының талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі.
34.	Боулинг клубтары	тыйым салынады
35.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 9 қосымшасының талаптарын сақ- тай отырып, толығымен 20%-дан ар- тық емес болған жағдайда рұқсат еті- леді.
36.	Мәдениет объектілері (дайын- дық)	Қазақстан Республикасының Бас Мем- лекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысы- ның 9 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, 30 адамға дейін рұқсат етіледі.
37.	Бильярд	тыйым салынады
38.	Ашық ауадағы аттракциондар	рұқсат етіледі.

39.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 28 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, толтырылуы 15%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі.
40.	Балалар ойын-сауық орталықтары (жабық үй-жайлардағы ойын алаңдары мен аттракциондар, батуттар)	тыйым салынады
41.	Караоке	тыйым салынады
42.	Түнгі және ойын клубтары, букмекер кеңселері, лоторея клубтары	тыйым салынады
43.	Адамдар көп жиналатын конференциялар, форумдар, ойын-сауық, естелік, садақа, салтанатты, мерекелік корпоративтер, отбасылық (банкет, үйлену той, мерейтойлар) және басқа да іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізу	тыйым салынады
44.	Көрмелер	тыйым салынады

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. 01.10.2021 жылғы №1ПГГСВ-38 қаулысының 2 қосымшасы

«Ashyq» жобасына қатысатын, әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар беру

№	Объектілер/ салалар	Сары аймақ
1	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 60 орыннан асырмай рұқсат етіледі
2	Алкогольдік ішімдіктерді сатпайтын асханалар типіндегі қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	рұқсат етіледі
3	Фуд-корттар	толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай рұқсат етіледі
4	Банкет залдары (садақа өткізу үшін)	бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 50 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 30%-дан асырмай толтырылған кезде рұқсат етіледі
5	Банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету)	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 60 орыннан асырмай рұқсат етіледі
6	Сауналар, моншалар	рұқсат етіледі
7	СПА-орталықтар	рұқсат етіледі
8	Бассейндер	рұқсат етіледі
9	Спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтары	рұқсат етіледі
10	Мәдениет объектілері (дайындық)	50 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдарға рұқсат етіледі
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	40%-дан асырмай толтыру рұқсат етіледі
12	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	75%-дан асырмай, бірақ 25 адамнан артық емес толтырылған кезде рұқсат етіледі
13	Облысаралық және облысысілік тұрақты тасымалдар	рұқсат етіледі
14	Бильярд	50%- дан артық емес толтырылған кезде рұқсат етіледі
15	Компьютерлік клубтар, Play-Station клубтарын қоса алғанда	50%-дан артық емес толтырылған кезде рұқсат етіледі. Тек 12 жасқа толған және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі
16	Боулинг	50%-дан артық емес толтырылған кезде рұқсат етіледі
17	Караоке	50%-дан асырмай, бірақ 50 адамнан асырмай толтырған кезде рұқсат етіледі
18	Ерікті қатысушылар (киноиндустрия, ұйымдар, кеңселер және басқалар)	жеңілдіксіз
19	Лоторея клубтар және лоторея сататын өзге де орындары	бір адамға кемінде 4 ш.м.,бірақ 50 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде рұқсат етіледі
20	Алаңы 500 ш.м-ден 1000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталық-тары	бір адамға кемінде 10 ш.м.,бірақ 50 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде рұқсат етіледі
21	Алаңы 1000 ш.м-ден 3000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	бір адамға кемінде 10 ш.м.,бірақ 100 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде рұқсат етіледі
22	Отельдер, қонақ үйлер	рұқсат етіледі
23	ХҚО	рұқсат етіледі
24	Сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері	рұқсат етіледі
25	Базарлар (жабық)	рұқсат етіледі
26	Букмекерлік конторалар	бір адамға кемінде 4 ш.м., бірақ 50 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде рұқсат етіледі
27	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтерін көрсету, косметикалық және космо-тологиялық қызметтер көрсету салондары (жазылу бойынша)	рұқсат етіледі
28	Жоғары оқу орындарын, колледждерді және білім беру орталықтарын қоса алғанда, білім беру объектілері (қызметкерлер (персонал)	рұқсат етіледі

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. 01.10.2021 жылғы №1ПГГСВ-38 қаулысының 3 қосымшасы

«Ashyq» жобасына қатысатын, «жасыл мәртебесі» бар болған кезде әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар беру

№	Объектілер/ салалар	Сары аймақ
1	Салтанатты, ас беру, отбасылық іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар) өткізу	50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай толтырған кезде рұқсат етіледі
2	Конференциялар, форумдар, адамдар көп жиналатын ойын-сауық және өзге де іс-шаралар	50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай толтырған кезде рұқсат етіледі
3	Көрмелер	толтырылуын 70%-дан асырмай, бірақ бір мезетте 300 келушіден асырмай рұқсат етіледі
4	Марафондар (ашық ауада)	800 адамнан асырмай рұқсат етіледі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

5.	Көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар	толтырылуын 70%-дан асырмай рұқсат етіледі
6.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттығулар)	толтырылуын 30%-дан асырмай рұқсат етіледі
7.	Діни объектілер (жабық үй-жайларда ұжымдық құдайға құлшылық ету)	толтырылуын 30%-дан асырмай рұқсат етіледі

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ



Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіндігі күйеден тазартылмаған.

Қазіргі таңда ауданымызда 2021-2022 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Атап айтсақ, ха-лықтың осал топтағы тізімі құрылып, 127 тұрғын үй есепке алынды. Аталған тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында 85 тұрғын үйде 130 өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталды. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құдыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген, тоқ желілері жанғыш материалдың үстімен жүргізілген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңіздегі табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ көзіне қосып, қалыпты жұмыс жағдайына келтірулеріңді сұраймыз.

Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет. Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек. **Алдағы уақытта біле отырған жөн деп санаймын:** Тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы–түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ әр жолы ағаш, көмір отынды жаққан кезде қалыптасады. **Тұншықтырғыш газымен улану сөбелтері:** Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы). Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі). Адамның өрт шағында болуы. Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау. Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тұма-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүріңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Б А Р Л А М А

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	629,0	-	627,8	-	1,2	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ!!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2) конкурстық ұсыныс;
Конкурстық ұсыныста:
1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;
3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірлімейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.
Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң, 10 (он) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты **«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі»** ММ-нен, байланыс телефондары арқылы **8(71332) 2-18-80** алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Уилский сельский округ	для ведения к/х	10-49 лет	629,0	-	627,8	-	1,2	11	оснащен

ПРИМЕЧАНИЕ !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;
2) конкурсное предложение;
В конкурсном предложении:
1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила пользования земель сельскохозяйственного назначения, выполнении индикативных показателей по диверсификации структур посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.
Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.
Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 15 (пятнадцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 10 (десяти) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.
Более подробную информацию можно получить в ГУ **«Отдел по земельным отношениям Уилского района»** по телефону **8(71332) 2-18-80**

КЕНЖЕТАЙ БИЯШҰЛЫ МҰҚАНОВ

Биылғы жылдың 3 қазаны күні 72 жасқа таяғанда Ойыл өңірінің тумасы, ұзақ жылдар облыстық деігейдегі мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек еткен жерлесіміз Кенжетай Бияшұлы Мұқанов дүниеден өтті.

Кенжетай Бияшұлы 1949 жылы 5 қазанда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында дүниеге келген.

1967-1971 жылдары Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша оқыды. Кейіннен 1983 жылы Алматы мал дәрігерлік институтының зооинженерлік факультетін зооинженер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1971 жылы Ақтөбе қаласы «Білім» қоғамы Ақтөбе облыстық ұйымының референті болып бастады. Ақтөбе аудандық халыққа білім беру бөлімінің инспекторы қызметін атқарды.

1973-1978 жылдары Ақтөбе аудандық комсомол комитетінің хатшысы болса, 1978-1984 жылдары Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің сектор, бөлім меңгерушісі болды. 1984-1987 жылдары Ақтөбе ауданы Қарғалы кеңшары бөлімшесінің басқарушысы болса,

1987 жылдан Ақтөбе жүнді алғаш өңдеу фабрикасының шебері, партком хатшысы, бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары болды. 1997 жылы «Ерхат» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болса, 1999 жылы «Ақтөбээнерго» ААҚ жөндеу-өндірістік базасының бастығы қызметін атқарды. 2001 жылы Ақтөбе қаласы өкімдігінің құрылыс және инженерлік коммуникация бөлімінің бастығы болды. 2002-2004 жылдары Ақтөбе облысы Алға ауданының өкімі, 2004-2005 жылдары Ақтөбе облысы өкімдігінің Сыртқы экономикалық байланыстар және инвестициялар басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

2005 жылы Ақтөбе облыстық Жаппай жұмылдыруға дайындық, азаматтық қорғаныс, ескертуді ұйымдастыру және апаттар мен табиғи апаттардың зардаптарын жою басқармасы бастығының орынбасары болып тағайындалса, 2008 жылдан 2012 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанша Ақтөбе облыстық Жаппай жұмылдыруға дайындық, азаматтық қорғаныс, ескертуді ұйымдастыру және апаттар мен табиғи апаттардың зардаптарын жою басқармасының бастығы қызметін атқарды.

Қырық жылдан астам қызмет еткен Кенжетай Бияшұлы абыройлы еңбегі үшін бірнеше мемлекеттік марапаттарға ие болып, медалдармен марапатталды.

Марқұмның жарқын бейнесі оны танитын және қызметтес болған жерлестерінің есінде ұзақ жылдар сақталары сөзсіз.

Марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз!

А.Қазыбаев, С.Займолдин, С.Сүлейменов, М.Айдарбаев, Е.Тілепов, Е.Жиеналин, С.Аманжосов, Б.Бектұрғанов.

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы,Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Сеттібаевтар отбасына, Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Бижанова Ақмарал Ерсайынқызына	анасы Жансұлудың
қайтыс болуына байланысты ағайын тұма-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің қызметкері Гүлжанат Сарсекенқызына анасы Жұбанова Насиханың	қайтыс болуына байланысты ағайын тұма-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
---	--

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!

«ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР», - ДЕП ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ ӨУ БАСТАН-АҚ АЙТЫП КЕТКЕНІ БӘРІМІЗГЕ АЯН. ӨМІРДІҢ БҰРАЛАҢ ЖОЛЫНДА, ДАНАЛЫҚ СОҚПАҒЫ ҚАЛДЫРҒАН ҚАРТТАРЫМЫЗ БІЗДІҢ БАҒА ЖЕТПЕС АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ ЕМЕС ПЕ? ӨЙТКЕНІ ӨТКЕН ШАҚТЫ ЕКШЕП, ЕРТЕНІНДІ БОЛЖАП БЕРЕТІН, АҚЫЛ ДА, ӨНЕГЕ ДЕ ОСЫ ЖАНДАРДЫҢ БОЙЫНДА ТҰНЫП ТҰР. СОНДЫҚТАН ОЛАРҒА ДЕГЕН СЫЙ-ҚҰРМЕТ ЕШҚАШАН БІТПЕСІ АНЫҚ.



Осы орайда 1 қазан күні «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кеш мәдениет саласында ұзақ жыл еңбек етіп құрметті зейнеткерлік демалысқа шығып жатқан Дина Үмітқалиқызына деген құттықтау тілекпен басталып, оған өріптестері атынан гүл шоқтары мен сый-сияпат берілді. Сондай-ақ ыстық тілектер ақтарылып, оның құрметіне арналған өлең жолдары тарту етілді.

Өрі қарай қарттарға арналған шара мерекелік дастархан басында жалғасып, көнекөз қарттарымыз жылы лебіз ақ тілектерін ақтарды. Ал, қарттары-

мызға арнап, аудан өнерпаздары мерекелік дастархан басын өсем әнмен өрледі. Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев барша аудан ардагерлерін мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ қарттарымыздың дендеріне саулық, отбасыларына амандық, ұзақ ғұмыр тіледі. Азаттықтың ақ танында бейбітшілікте өмір сүріп жатқанымыз осы дана қарияларымыздың арқасында екеніне айрықша тоқталды. Осындай шараны елеп, сый-құрмет көрсетіп жатқан ақ жаулықты аналар мен абыз кеуде ақсақалдарымыз мәдениет қызметкерлеріне алғыстарын білдірді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

АМАНГЕЛДІ КӨШЕСІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ҮЛГІЛІ ІСКЕ ҰЙЫТҚЫ БОЛДЫ

КҮЗ ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ТҮГЕНДЕП, ЕТЕК-ЖЕҢІНДІ ЖИНАҚТАЙТЫН КЕЗ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ТӨҢІРЕКТІҢ ТАЗАЛЫҒЫН ДА НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛДЫРМАУЫМЫЗ ТИІС. ОЛ ҮШІН АРНАУЛЫ ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ЖАРИЯЛАНДЫ. ӨРИНЕ, ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСЫН ТЕК АЙЛЫҚҚА ТІРЕП ҚОЮҒА БОЛМАЙДЫ. ДЕГЕНМЕН, АЙЛЫҚҚА АТСАЛЫСУ ӨРКІМНІҢ МІНДЕТІ.



Осы орайда Ойыл селосындағы Амангелді көшесі тұрғындарының ісі құптарлық. Нұржан Бермұқашев пен Нұрлыжан Мұқашевтардың бастамасы көшенің барлық тұрғындарынан қолдау тапты. Отбасы мүшелері түгел шығып, көшені сыпырып, көпке үлгі көрсетіп жүр. Көктемде де осындай шара өткізген. «Бірлігі жарасқан көшенің тұрғындары» деген атаумен өткен шаралардың негізгі мақсаты – бала-

ларды тазалыққа тәрбиелеп, еңбекке баулып, ортақ көшенің тазалығына деген көзқарасын қалыптастыруды көздейді.

Ойыл селосының шеткерірек аймағында орналасқан көше болғандықтан, өріске шығатын малдың жолы.

Өткен бейсенбі күні өткен шара ертесінде Қарттар күніне орай көшенің зейнеткер тұрғындарына құрмет көрсетуге ұласты.



ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЗИРАТТАРДЫ КҮТІП ҰСТАУ ЖӨНІНДЕ НЕ БІЛЕМІЗ?

Кезіндегі Қазақтың «Алаш» партиясының дана тұлғалары Қазақ елі «Европа мәдениетін алып, қазақтың салт-дәстүрін сақтай отырып, Жапония сияқты мемлекет болуы керек» - деп алдарына үлкен мақсат қойған болатын. Бұның өзінде үлкен мән жатқаны бәрімізге белгілі. «Елү жылда - ел жаңа» дегендей, уақыты өткен мәдениетті жаңа, басқа дамыған елдердің, ері қолайлы, ері жан-жақты ескеріліп тәжірибеден өткізілген мәдениетпен толықтырса, халқымыздың өмір сүру деңгейінің жоғарылайтынын түсініп келе жатқандаймыз.

Салт-дәстүр ата-бабамыздың үлкен дана тұлғаларының терең оймен қалыптастырып жасап кеткен өдет-ғұрпы мен олардың өрбіреуінде терең мән жатқаны өлі зерттеліп делелденуде. Ал, Жапония сияқты мемлекет болу еріп дамушы елдердің арманы екені жасырын емес. Алаштың мықтылары, сол кезде-ақ Жапонияның мықты мемлекет екенін мойындаған және ол қазір де мықты экономикалық дамуымен қатар, қоғамдық тәртіп пен салт-дәстүрін қатаң сақтайтын мемлекеттердің бірі.

Осы айтылғандардың бәрі де (үшеуі де) біздің жеке және қоғамдық өмірімізге тікелей қатысы бар факторлар.

Ал, енді өзіміздің еліміздің, облысымыздың және ауданымыздың қазіргі жағдайына көшетін болсақ, жеке тұлға мен қоғамның жақсы өмір сүруі үшін қандай игі шаралар қабылданып жатыр? Өріне, олардың бәрі бұрын да айтылып жүргендей, қабылданған Заңдарға және олардан туындайтын Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге байланысты. Облысымыздағы қоғамдық тәртіпті бәрімізге қолайлы ету үшін Ақтөбе облыстық мәслихатының елді мекендерді абаттандыру, ит-мысықтарды ұстау, үй жануарларын асырау, ауыл шаруашылығы малдарын жаю және тағы басқа сол сияқты шешімдері қабылдануда. Солардың бірі облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 20 қыркүйектегі №458 «Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешімі. Бұл Қағидаларда жерлеу үшін орын бөлу тәртібі, қайтыс болғандарды жерлеу тәртібі, зираттарды жобалау

ВАКЦИНА АЛЫП, КӨЛІК ҰТТЫ!



Ақтөбе облысы бойынша вакцина алдырғандар арасында жақсы сыйлықтар ойнатылғаны мәлім баршаға. Екі бірдей «Chevrolet Cobalt» машинасын көпшілік «ой, оны ертең таныстамыр алады, әділ болмайды, өтірік нәрсе» деп сенбеп еді. Тікелей эфирдегі ойын қалай өтірік болады?

«Aqtobe» телеарнасындағы «Екпе ал да, автокөлік ұтып ал!» ұтыс ойынының соңғы шығарылымы 26 қыркүйек күні өтті. Тікелей эфирдегі ұтысқа үш smart phone, үш smart-sarat, үш велосипед және бір «Chevrolet Cobalt» автокөлігі шығарылды. Оған 25.06-25.09 аралығында коронавирусқа қарсы вакцина алғандар қатысты.

Акцияны ұйымдастырушы Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы. Көлік демеушілердің қаржысына сатып алынған. Шілде айында өткен ұтыс ойындарына қойылған бірінші көлікті Қарғалы ауданы Қосестек ауылының тұрғыны, бес баланың әкесі ұтқан еді. Бұл жолы автокөлік Ернұр Ізғалиев деген жігітке бұйырды. Бағы жанған жігіт біздің жерлесіміз. Саралжын ауылдық округіне қарасты Шиқудық ауылының тумасы. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озысын!» - деген ұлттық ұрпағымыз ғой. Жерлесімізге аудан тұрғындары атынан құтты болсын айтамыз!

МЕШІТТЕ АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ



Ойыл ауданында жамағат пен кәсіпкерлердің, тұрғындар мен ерікті жастардың демеушілігімен бір жарым айдың ішінде 595350 теңгеге Ойыл аудандық мешітінің аллеясы жасақталды. Ойыл аудандық мешітінің Бас имамы Нұрсұлтан Серікұлы: «Жыл сайын дәстүрлі түрде аудан тұрғындары көне тарихи мешітіміздің көркеюіне мұрындық болып, мешіт жұмысының құрылысына қолдау білдіріп келеді. Ал быыл аудан жастары Ойыл аудандық мешітінің

ауласындағы терек ағаштарының арасындағы бос орынға аллея салуды жөн көрді. Аталған игі шараса барша аудан тұрғындары мен жастар, жамағат пен кәсіпкерлер ынтымақ пен бірліктің негізін қағида ете отырып, ерікті түрде қаржы жинап, мешіт аллеясының ашылуына қолдау көрсетті» - дей келе, аллеяның ашылуы – қайырымдылық пен ізгіліктің жол бастауы екенін атап өтті. Аталған игі бастамаға қолдау білдірген өржанға Алла Тағала сауаптан жазсын!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ

Сыбайлас жемқорлықтың ең көп тараған анықтамасы - қызметтік немесе билікті жеке мақсатта теріс пайдалану. Толығырақ айтсақ, сыбайлас жемқорлық - сенімге қиянат жасау. Сыбайлас жемқорлық сізге тікелей қатысы болмаса да, әсер етеді. Сыбайлас жемқорлықты алдын алудың алғы шарттарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздік процесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және ескеңең ұрпақты тәрбиелеу, квазимемлекеттік және

жеке секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс институтын ілгерілету, түрлі этностар мен дін өкілдерін агенттік қызметіне қатысуға тарту, спикерлер пулын қалыптас-тыру, замануи мүмкіндіктер арқылы азаматтардың санасына әсер ету мақсатында облыс деңгейінде «Парасаттылық мәдениетін ілгерілету бойынша 2021 жылға арналған кешенді жоспар» бекітілген. Осы жоспардың тармақтарының бірін орындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру, агенттіктің жүргізіп отырған саясаты туралы хабардар ету мақсатында дін өкілдерімен ZOOM платформасында онлайн семинар ұйымдастырылды.

Өрбір азамат өз құзыреттері мен қызметі шегінде тұрғындарға заңнамалар нормаларын түсіндіру арқылы осы қызметті жүзеге асыруға өз үлестерін қосып отырса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру арқылы оның алдын-аламыз деген сенімдеміз.

С.МАХАНОВА, Ойыл ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас маманы.

ШОЛПАН ШЫРҚАҒАН ӘН

АҚЫНДЫҚ ҚАСИЕТ БОЙЫНА ДАРЫҒАН ТУҒАН ЖЕРІМІЗДІҢ ҚАЙБІР ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ КИЕЛІ КӨКЖАР ӨНІРІН ЖЫРҒА ҚОСЫП, «ОЙЫЛЫМ» ДЕП ОЙ ТОЛҒАТПАДЫ ДЕСЕҢШІ. БҮГІНГІ БІЗДІҢ КЕЙІПКЕРІМІЗ ӨКЕ АМАНАТЫН КӨЗІ ТІРІСІНДЕ ОРЫНДАҒАН АРУЫМЫЗ ШОЛПАН СЕРІКБАЕВА. ОНЫҢ ӨКЕСІ МАРҚҰМ БОЛАТ СЕРІКБАЙҰЛЫ «ОЙЫЛ ГАЗЕТІНДЕ» ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛДЫРҒАН, ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ЖУРНАЛИСТ БОЛҒАН. БІР КЕЗДЕРІ «ОЙЫЛЫМ, ҚИЫЛЫМ» ӨЛЕҢІН ШЫҒАРЫП, ОНЫ ҚЫЗЫНА ӨНІН ШЫҒАРУҒА АМАНАТ ЕТКЕН. ОНЫҢ КӨКСЕГІН АТАҚ-ДАҢҚ ЕМЕС, ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН ЫП-ЫСТЫҚ САҒЫНЫШТЫ ӨУЕЛІ ӘН АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗУ ЕДІ. ШОЛПАН БОЛАТҚЫЗЫ ӨЛЕҢ АЙТУҒА ҚАБІЛЕТТІ БОЛҒАНЫМЕН ОНЫҢ ӨУЕНІН АЛҒАШ РЕТ ӨКЕ АМАНАТЫ ОРЫНДАДЫ. ӨЗІ ДЕ ТАҢҒАЛДЫ. ОЛ, ӨЛЕҢ САЗЫН ІЗДЕП САБЫЛМАДЫ. САХНА ЖҰЛДЫЗДАРЫНДАЙ ӨЗГЕЛІНІҢ ӨУЕНІН ДЕ БӨЛІСПЕДІ. ОНЫ ҚАМШЫЛАҒАН ӨКЕ АМАНАТЫ. ОСЫЛАЙША БІР КҮНІ КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН ТЫНДАҒАН ҚҰЛАҚҚА ЖАҒЫМДЫ, БАЛАУСА ҮНДІ ӨУЕН ЖАРП ЕТІП ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ. СӨЗІ МЕН ӨУЕНІ ҮНДЕСКЕН ӨЛЕҢ ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ЖЕДЕЛ ТАРАП, ӨНЕРДІҢ БИГІНЕ ҚАНАТ ҚАҚТЫ.

Шолпан Болатқызы 1988 жылы, 23 тамызда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында туылған. 2005 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданының Қаскелең қаласындағы С.Керімбеков атындағы орта мектебін бітіріп, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің физика-математика факультетінің «Физика» мамандығы бойынша білім алған. Сонымен қатар, 2011 жылы аталған университеттің «жаратылыстану ғылымдарының магистрі» дәрежесіне ие болған. Қазіргі таңда Сулейман Демирель атындағы университетте менеджмент мамандығы бойынша PhD докторантурада оқып жатыр.

2011 жылы Шолпан Ойылдың 90 жылдығына арнап атасы Серікбай Төлеубаев туралы естеліктер атты кітабын жарыққа шығарған. 2011-2019 жылдар аралығында Сулейман Демирель атындағы университетінің әр түрлі саласында жұмыс жасап, соңғы уақытта оқу әдістемелік орталығының бас маманының қызметін атқарған. 2019 жылдан бастап жеке меншік фирмаларда қызмет атқарып келеді. Сонымен қатар, жеке кәсіппен айналысады. Қазіргі таңда Шолпан отбасылы, бір қызы бар.

Бүгінде Алматы қаласының тұрғыны, жерлесіміз Шолпанның әкесі Болаттың өріптесі, Жәрдем Ақби-сенов фейсбуктегі жеке парақша-сында Шолпан Болатқызы жайында былай деп жазба қалдырған.

«Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының тумасы, «Ойыл» газетінде арнаулы тілші болып еңбек еткен Болат Серікбайұлы Төлеубаевтың көзі тірісінде жазған «Ойлым-Қиылым» өлеңі өмірге өн болып қанат қақты.

Бөкен бұл өнді Күлән жеңгемізге арнаған екен. Бірақ өуенін жазуды көзінің ағы мен қарасындай үш қыздың ішінде Шолпанына аманаттаған болатын. Мектепті жақсы бітіріп, кейін арман күзп ҚазПИ-дің математика факультетін аяқтаған. Мамандығы математик. Шолпанның өн жазуға бейімі де болмаған. Бірақ, Шолпан өн



айтып, Х ФАКТОР байқауына да қатысады. Сөздерін жаттап алған Шолпан ыңылдап жүріп, осы өуенге қалай тоқтағанын қызықпен еске алады. «Бір күні тамақ пісіріп тұрып, ойыма өдемі өуен келе қалды. Әкеме жүзіріп барып, Әке, мына өуен қалай деп, ыңылдап айта бастадым. Әкемің көзінен қуаныш оты жарқ етті. Осы өуенмен айта бер деп аманаттаған болатын.

Бытыр пандемия кезінде әкеден айырылып, қайысқан қан жұтып жүргенде бір жылда өте шықты», - дейді Шолпан Болатқызы.

Енді міне сол өке аманатын жариялайтын сәт келген сияқты. Шолпан Бибігүл өпкесінің жолдасына жездесі Ерланға тыңдап көрші деп жіберсе, Ерекөң өлеуметтік желіге салып жіберіпті! Бүгінде Шолпан тұрмыста. Түркістан облысының жігітінің қолынан ұстап, отбасын құрған. Аяулы ана. Жолдасы Білім беру саласының маманы. Өке аманатына өмір сыйлаған, өнерге қанат қақтырған Шолпан Болатқызы Серікбайға шығармашылық табыс тілеймін! Бақытты бол ару қыз!

Ойылда туған Шолпанға үмітпен қараймыз. Ендеше бізде Шолпан Болатқызына шығармашылық табыс пен өнер жолына сәттілік тілейміз!..»

Ойымым, Қиылым

сөзі: Болат Төлеубаев өні: Шолпан Серікбай

Өзенім Ойыл-Қиыл; «егіз»,-деген, Суармадан дән сауып ел емізген, Жолықтырдым жағада айым туып, Перішті қиялымды көп іздеген.

Қайырмасы: Ойылым еркем, Қиылым көркем, Жанардың жасы-ай суларын. Сағынбай келсем, Қоштаспай кетсем, Қалармын қимай нуларын! Өзенді бойлап, Өзінді ойлап, Қалам ба, Қалқам,қасындай...

Толқындарың жарысса толқыныммен, Ғашығыммен жараса шапқып келем. Кездескен кез жұлдыздай арманымен Үрлемей ақ шоқ жаным жанып кеткен!

Өзірлеген: Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

АРХИВ - ЕЛ ТАРИХЫ

Аудандық мемлекеттік архив тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтап отырған бөлімі. Жалпы архивтік құжатты қоғам үшін маңыздылығына қарай, сондай-ақ меншік иесіне құнды, сақталынатын немесе сақталуға жататын құжат деп түсінуіміз қажет. Ал, архив дегеніміздің өзі құжаттардың жиынтығы. Сондай-ақ біз аудандық архив мекемесі пайдаланушылар мүдделері үшін архив құжаттарын қабылдау мен сақтауды жүзеге асыратын бөлім болып саналамыз. Бөлімдегі архив қорлары - бір-бірімен тарихи немесе қисынды байланысты құжаттардың жиынтығы. Сонымен қатар, архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару бойынша архивтік құжаттардың электрондық көшірмелерін жасау және үкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы үкілетті орган айқын-даған ақпараттық жүйелерге мәліметтерді көшіру жұмысын да жүзеге асырамыз.

Архив байлығын сақтау, толықтыру және пайдалану архивистердің жоғарғы біліктілігінің арқасында мүмкін болып отыр. Сондықтан, ауданымыздың архив игілігін сақтап қалу жұмыстары көп жағдайда архивистердің біліктілігінің арқасында алға басы-тындығы шындық. Архив дегеніміз – үлкен ақпараттық қорымыз. Ауданымыздың тарихи-мәдени игілігінің

ажырамас бөлігі саналатын архивтің халықтың материалдық және рухани өмірін айшықтауда, құжаттық мұраны сақтауда ролі өте зор екендігін барша-мызға мәлім. Айта кетсек, Біз атқара-тыры архив қызметінің басты бағыт-тары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп, жүйелеу, ғылыми анықтамалар мен көрсеткіштер жасау, құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету. Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың құжаттарын меншіктену құқы-ғын мемлекетке беру тараптардың келісімі бойынша сақталады.

Жыл бойына құжаттар айналымы бойынша жеке және заңды тұлғалар-дың сұрау сауаларын орындау бойын-ша 217 өтініш қаралып, 172 өтініш қанағаттандырылып, 45 өтінішке түсініктеме анықтамасы берілді. Сканерленген құжаттар көлемі 1205 іс. Құжаттардың бірыңғай электрон-дық архиві бойынша 410 іс енгізілді. Архив қоры қоғам мен мемлекеттің қажеттерін қанағаттандыруға, азамат-тардың құқықтары мен заңды мүдде-лерін іске асыруға қызмет етеді. Бізде құжаттар мұқият сұрыпталып, сақтау-ға – архивке жинақталады. Архивте мәңгілік мерзімге сақталып, қорғала-тын тарихи деректер – байлығымыз-дың бір бөлігі болып табылады.

А. ПАНГЕРЕЕВ, Ойыл ауданының мемлекеттік архив меңгерушісі.